

Мен бақытты жанамын

Мақсаты: Мекеме қызметкерлерінің көңіл – күйін жақсарту, бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыту. Тренинг барысында өзін еркін ұстай білуге жағдай жасау.

Тренинг ережесі:

1. Осы жерде және дәл қазір өз сезімімізді айтамыз.
2. Сіз не сезінесіз?
3. Не жайлы ойлайсыз?
4. Өзіңізді субъективті түйсігіңізге сеніңіз: себебі парасаттылықпен, ақылмен айтылған сөзге қарағанда, ол көбінесе шынайы да анық.
5. Өзгелерді тыңдауға тырысыңыз.
6. Өзгені өзің сияқты ойлауға мәжбүрleme: ол басқа адам- ол басқаша сезінуге құқылы.
7. Мен- өз ойымды айтамын:

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме! Қымбатты әріптестер! Жаңа жыл мерекесімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Мерекеге орай ұйымдастырылып отырған бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, біз нәзік жанды ханымдар өз нәзіктігімізді сақтай отырып, барлық жұмысқа қалай үлгеріп жүргеніміз жөнінде құпиямен бөлісетін боламыз.

1. Бір күндік уақыт

Бізге берілген 24 сағаттың ішінде сіздердің балапандарыңыз біздің балабақшада 8 сағатқа дейін болады. Балаңыздың балабақшадан кейінгі уақыттарда немен айналысатынын және өзіңіздің күнделікті тірліктерге қалай үлгеретінін жайлы айтып өтеміз.

2. Бүгін кешке қандай тамақ жасайсыз? (берілген әріптерді таңдап өзіне түскен әріптен басталатын тағамның атын атау қажет)

- М-бүгін кешке манти жасаймын
- П-бүгін кешке палау жасаймын
- Е-бүгін кешке ет асамын
- Н-бүгін кешке нан салма жасаймын

3. «Бақыт деген не өзі»

Кез келген адамнан өмірдегі ең қалаулы нәрсесі не екенін сұраңызшы. «Мен тек бақытты болғым келеді» Біз бәріміз де сол үшін өмірге келгенбіз. Бірақ бақыт деген не? Ата – аналар, қатысушылар өз ойларымен бөліседі. Әрине «Қанағат қарын тойғызады», ендеше қанағат болған жерде бақыт та болады. Басқаларға қуаныш, бақыт сыйласаң, өзінде бақытқа кенелесің. Өмірдің қызығы да осында!

4. «Аяқталмаған сөйлем»

Қатысушы үлестірмелі қағаз таңдап алады. Берілген сөйлемді аяқтау қажет.

Сәби бақыты, ол –

Ата – ана бақыты, ол –

Әйел бақыты, ол –

Ер – азамат бақты, ол –


Ұстаз бақыты, ол –

5.Қорытынды

Ардақты ата – әріптестер! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата – ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десе де бала – ұрпақ деген мағынаны білдіреді.

Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесінде шыдамды болып, өз балаларыңызға жылуыңызды бере біліңіздер! Сіздің өсірген балаларыңыз сіздерді ылғида қуантып, қуанышқа бөлей берсін! – дей отырып, біз сіздермен қоштаспаймыз, келесі кездескенше қош, сау болыңыздар!

Бекітемін



Жадырайық! Жайнайық! Жылы лебізімізді сыйлайық

Бүгінгі біздің тренингіміздің тақырыбы "Жадырайық! Жайнайық! Жылы лебізімізді сыйлайық" деп аталады. Яғни біз өмірімізді қалай бағдарлап, іс-әрекет жасасақ біздің өмірімізде соған бейім болады.

Мақсаты: Педагогтар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластықты арттыру, жұмыс барысында белсенділіктерін арттыру, өзін және өзгені бағалай білуге көмектесу.

Тренинг ережесі: Педагогтардың бойындағы сенімділік, сыйластық, бір-бірімен жақын араласу, тындай білу.

Тренинг барысы:

"Сикырлы қобдиша" жаттығуы. Ортада сикырлы қобдиша тұрады. Қатысушылар кезекпен, қобдишаның ішінен сыйлықтарды алып шығады. Сыйлықтар-әр түрлі көңіл-күй күлкілер (смайлдар)бар тілектер.Әр түрлі күлкілі эмоцияларды қатысушылар алып, керісінше бетіндегі жылы лебіздерді оқып, қалаған қатысушыға береді. Тілек соңында, қыстырылған шокалаттарды ұсынып, "Өміріңіз осындай тәтті болсын" деген лебізбен аяқтайды.

2. "Мен сізден үйренемін" жаттығуы

Қатысушылар бір-біріне еркін түрде "Мен сізден үйренемін...деп айтып келесі адамға допты лақтырады." Сосын допты келесі қатсушыға бағыттап ойынды жалғастыру қажет.

3. "Ерекше Калош"

Қатысушыларға ерекше калош ұсынылады. Оның еркшелігі, калошты киген адам, қиын жағдайдан міндетті түрде позитивті түрде баға беруге баулу.

Нұсқау: Қатысушыларға ерекше калош ұсынылды. Оның ерекшелігі, калошты киген адам, қиын жағдайдан міндетті түрде позитивті жолын ойлап шығуы қажет. Мысалы: "Сіздің жалақыңызды екі ай мерзімге қысқартты..."Қатысушы тәрбиеші осы жағдайатқа жағымды жолын тауып шығады. Оның жауабы: "Алақай келесі айда, екі есе көп жалақы аламын" деген сияқты жауаптар қабылданады.

Педагогтардың кез-келген жағдайдан қалай шығатындығын бақылау барысында түрлі ситуациялық сұрақтар қойылды.

4. "Би терапиясы"

Мақсаты: Қатысушылардың күйін-күйін көтеру, жағымды көңіл-күй тудыру.

Нұсқау: Тәрбиешілер аталған дене мүшелерін қозғалту арқылы билейді. Экспериментатор ең алдымен қатысушыларға қасымен, көзімен билеуге нұсқау береді. Кейін осы дене мүшелеріне ауыз қосылады. Сөйтіп, иық, қол, аяқ т.б дене мүшелері қосылады. Ең соңында барлық дене мүшелері қосылады.

Қорытынды.

Тренинг барысында барлық педагогтар еркін және белсенді қатыса білді. Тренинг ережесіне бағына отырып, өз ойларын ашық білдірді.

Бекітемін
"Балдырған" бөбекжай-
балабақшасы меңгерушісі
 Т. Бимырзаева
"15"  2022ж

Мамандығым – мақтанышым

1. Кіріспе бөлім: Танысу және мақсатты айқындау

Тренингке кіріспе: Педагогтың мамандығы туралы қысқаша таныстыру, мұғалімдердің өздерінің оқытудағы жетістіктері мен қиындықтары туралы бөлісуі.

Мақсатты айқындау: Тренингтің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру. Педагогтарға олардың мамандығының маңызы мен әсері туралы ой қозғау.

2. Тақырыпты ашу: "Мамандығым – мақтанышым"

Әңгіме-сұхбат: Педагогтың жұмысына деген көзқарасы мен оған деген сүйіспеншілігін арттыру. Қатысушылар өздерінің мамандық таңдау тарихын бөлісіп, тәрбиеші болудың жауапкершілігін және артықшылықтарын талқылайды.

Жаттығу: «Мен үшін тәрбиеші болудың мәні неде?» атты жеке ойлану немесе жұптық талқылау. Әр педагог өз жұмысынан қандай құндылықтарды сезінетінін, қандай жетістіктерге қол жеткізгенін бөліседі.

3. Педагогикалық құндылықтарды қалыптастыру

Тақырыптық талқылау: «Тәрбиеші болудың мақтаныштары» – мұғалімдердің ең жақсы қасиеттері мен біліктіліктерін атап өту. Мұғалімнің әсері мен рөлі туралы түсінік беру.

Жаттығу: «Менің педагогикалық жетістігім» – қатысушылардың өздерінің кәсіби жетістіктері мен оқушыларына жасаған оң ықпалын талқылау. Бұл бөлікте әрбір педагог өз тәжірибесінен бөлісіп, өз жұмысын мақтан тұтады.

4. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Рөлдік ойындар: Педагогтар арасындағы тиімді қарым-қатынас, оқушылармен өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіру үшін рөлдік ойындар. Мысалы, қиын оқушымен жұмыс істеу немесе ата-анамен дұрыс байланыс орнату.

Топтық жұмыс: Педагогтар топ болып жұмыс істеп, өзара қолдау көрсету әдістерін талқылайды және тәжірибе алмасады.

5. Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу

Жеке жоспар құру: Әр педагог өз кәсіби дамуы мен өсуі үшін жеке жоспар жасап, келешекте қандай дағдыларды дамыту қажеттігін айқындайды.

Рефлексия: Тренинг соңында әр қатысушы тренинг барысында алған әсерлерін, ойларын және болашақта жүзеге асыратын мақсаттарын жазып шығады.

6. Қорытынды бөлім: Шығармашылық мотивация

Топтық талқылау: Тренинг барысында алған тәжірибелерін басқа әріптестерімен бөлісу.

Қорытынды сөз: Тәрбиешінің өзінің кәсіби қызметін мақтан тұту және бұл мамандықтың қоғамға қаншалықты маңызды екенін түсіну туралы мотивациялық сөздер айту.

Бұл тренинг тәрбиешілерге өз мамандығын мақтан тұтып, одан әрі кәсіби тұрғыда дамуға деген ынтасын арттырады. Сонымен қатар, әрбір педагог өзінің жұмысының маңыздылығын түсініп, балаларына жақсылық пен тәрбие беру беру арқылы қоғамға үлес қосатындығын сезінеді.